

Т.Рысқұлов хатында ауыл шаруашылығының күйреуі, жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі және ашаршылықтың алдын алу үшін нақты шаралар қабылдау қажет екені атап көрсетілген. Ол ашаршылықтың алдын алу үшін мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау, ауылдарды қалпына келтіру және халыққа көмек көрсету шараларын ұсынды. Бұл ұсыныстар өз уақытында орындалмаса да, олар бүгінгі күні аграрлық саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды үлгі болар еді. Ауыл шаруашылығының дамуы мен ауыл халқының жағдайы — кез келген мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттар. Т.Рысқұловтың сол кездегі саяси билікке қарсы айтып отырған ұсыныстары бүгінгі күнде де өзекті болып табылады, себебі ауылды қолдау мен даму қазіргі Қазақстан үшін де аса маңызды [3, 89-б.].

Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хатында ұжымдастырудың сәтсіздігін дәлелдеп, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру қажеттігін айтты. Оның пікірінше, орталықтан басқарудың артықшылықтары мен кемшіліктерінің дұрыс тепе-теңдігін сақтау қажет екендігін, сол арқылы жергілікті халықтың жағдайын жақсартуға болатынын түсіндірген. Біздің ойымызша, қазіргі саясатта да орталық және жергілікті билік арасындағы үйлесімділікті сақтау керек. Қоғамның барлық қабаттарының мүдделерін ескере отырып, тек қана ұтымды шешімдер қабылдауға болады. Т. Рысқұловтың қайраткерлігі мен оның өз халқы үшін жасап жатқан әрекеттері бүгінгі таңда да ұлт мүддесін қорғаудың үлгісі боларлықтай маңызды [3, 112-б.].

Биліктің жоғары эшелондағылар екіжүзділігіне РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хаты куә бола алады. Онда былай деп жазылған: Шамамен Қазақстан өлкесімен көршілес көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер бойынша қазір қазақтар: Орта Еділде – 40 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қарақалпақта – 20 мың адам, Орта Азияда – 30 мың адам мың адам шамасы. Көшпелілер тіпті Қалмақ жері, Тәжікстан, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерде де бар. Халықтың бір бөлігі байлары бастап Батыс Қытайға да көшіп барған. Қазақтардың орталық аудандарға қарай көшуі бірінші рет байқалып отыр. Бұл жай көшу емес (әдеттегі жазда, шағын қашықтыққа және малдары болған кезде), аш адамдардың елеулі бөлігінің талғажау іздеп босуы. Көшіп кетушілер жекелеген аудандар бойынша аудандар халқы жалпы санының 40-50%-ына жетеді [5.275]

Аштық және сонымен ілес келген індет, сондай-ақ көшіп кету өзінің бастапқы кезеңінде-ақ қалыпты демографиялық процесті шайқалтып жіберді. Республиканың тұрғылықты халқының тамыры терең дағдарысты құбылысты еңсере алғанының сыры мынада, оған халық өзінің алғашқы көбею, яғни демографиялық эволюциялық дамудың бірінші сатысында тап болды. Тек соғыстан кейінгі өзінің классикалық нұсқасындағы демографиялық өрлеудің арқасында (шыны 1962 жылға келеді) қазақ этносы орасан зор шығыннан аман қалды. Халықтың бұрынғы саны 40 жылдан кейін, яғни 1969 жылы қалпына келтірілді. Егер демографиялық жарылыс және оның осы кезге дейінгі "өрлеуі" болмағанда, халық санының осы іспеттес ұлттық дағдарысын енсеру үшін кемінде 100-120 жыл, яғни 2-3 есе көп уақыт керек болар еді. Осыған қарамастан, бұрынғы толқын тәріздес күрделі тарихымызды қайталап, бірақ әр ұрпақтың ауысуы арқылы оны бірте-бірте еңсере отырып, оның салдары әлі ұзақ уақытқа - 150-170 жылға дейін созылатын болды. [5.274]

Мақаланы қорытындылай келе, біз Тұрар Рысқұловтың саяси қызметі мен әрекеттері қазақ халқының ашаршылық кезеңіндегі тағдырына байланысты маңызды орын алды. Ол халықты қорғап, оның мүдделерін қорғау үшін күресті. Тұрар Рысқұловтың саяси қызметі мен идеялары қазақ халқының ең ауыр кезеңдерінде ұлттық бірлік пен әділеттілікке ұмтылғанын көрсетеді. Ашаршылық жылдары ол тек өз халқының мүдделерін қорғап қана қоймай, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге нақты ұсыныстар енгізді. Оның қайраткерлік қызметі Қазақстан тарихында үлкен із қалдырып, бүгінгі ұрпаққа елдің егемендігі мен тұрақтылығын нығайту жолында шабыт береді. Біздің ойымызша, Т.Рысқұловтың әрекеттері қазақ халқының өмір сүруге деген жігерін арттырып, ұлттық құндылықтардың сақталуына ықпал етті. Оның өмір жолы қазіргі Қазақстан жастары үшін жауапкершілік, адалдық және әділеттілік секілді қасиеттердің айқын үлгісі бола алады. Бұл тарихи тұлға ұлт тағдырына бейжай қарамау керектігін, әрбір азаматтың өз үлесін қосуы маңызды екенін дәлелдеді. Қазіргі таңда, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта, Т.Рысқұлов секілді тұлғалардың тәжірибесі мен мұрасы біздің елді өркендету жолындағы басты бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бізді тарихты ұмытпауға, қиындықтарды еңсеруге және болашаққа сеніммен қарауға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрар Рұсқұлов. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Әбдіғаппарұлы Б. Тұрар Рұсқұловтың қоғамдық-саяси қызметі. - Алматы, 2010.
3. Ғабит Мүсірепов. Қазақтың ашаршылық трагедиясы. - Алматы: «Ғылым», 1997.
4. Қойгелдиев М. Қазақ тарихының бет-бейнесі. - Алматы: «Атамұра», 2002.
5. Қозыбаев М.Қ. IV том «Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. - Алматы «Атамұра» 2010.

## АЛАШ АРЫСЫ-БЛӘЛ МАЛДЫБАЙҰЛЫ

Есентаева И.Е.

Ғылыми жетекшісі: Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының профессоры Абдрахманова К.Ж.  
Қарағанды Медицина Университеті

Алаш XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси, экономикалық және рухани тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қалыптасқан ұлы оқиға. Алаш идеясының негізінде ұлттық мемлекет құру, білім мен ғылымды дамыту, қоғамдық сананы жаңғырту, құқықтық теңдік және халықтың әл-ауқатын арттыру ұмтылысы жатты. Алаш қозғалысы қазақ зиялыларының ұйымдасуымен үлкен тарихи құбылысқа айналып, ұлттың оянуына, ұлттық құндылықтардың сақталуына ықпал етті. Осы жолда аянбай тер төгіп, елдігімізді сақтаған тұлғаларымыздың бүгінгі күні тарих сахнасынан алатын орны зор.

Алаш қозғалысының негізгі мақсаты – қазақ халқын отарлық езгіден құтқарып, дербес ұлттық мемлекетті құру, халықтың білім мен ғылымға, мәдениетке ұмтылысын арттыру. Алаш қайраткерлерінің қызметі төмендегі бағыттарда жүзеге асты:

1. Ұлттық мемлекет құру: Қазақ жерін біріктіру және автономия алу.
2. Білім мен ағарту ісі: Қазақ балаларына білім беру жүйесін қалыптастыру, ана тілінде оқулықтар жазу.
3. Мәдени және рухани жаңғыру: Ұлттық әдебиет пен өнерді дамыту.
4. Әлеуметтік реформалар: Жер мәселесін шешу, әйелдердің құқықтарын қорғау.

Сонымен қатар ең негізгі мәселе ғылымның дамуына көңіл бөлі болды. Осы тұста ұлттық сананы ту етіп көтерген Алаш қайраткері Біләл Малдыбайұлының халық ағарту саласын дамытуда, медицинаның кең етек жайуында қосқан үлесі зор болды. Бүгінгі күні есімі ұмыт болған, қатысез саясатын құрбандары атанған, халық зиялыларының ел жадына қайта ұлықтату қазіргі біздің міндет. Жүрегі елім деп соққан әр бір ұлы тұлғаларымыздың орны тарихымыздың төрінен болуы тиіс. Алаш қайраткері Біләл Малдыбайұлының азаматтық болмысы мен қайраткерлік ұстанымы туралы сөз қозғау тұлғаны жақыннан тануға мүмкіндік береді. Біләлдің қайраткерлік келбеті мен азаматтық болмысы қалай қалыптасты деген сауалдың жауабын оның шығармашылық мұрасынан табамыз. Бүгінде ағартушы Біләл туралы еліміз тәуелсіздігін алған күннен бастап бірқатар материалдар жарияланды.

Б. Малдыбаевтың өмірбаянына айтар болсақ, ол 1890 жылы бұрынғы Аманжол, қазіргі Қаратал ауылы Айыртау ауданы СҚО-да дүниеге келді. Біләлдай ірі тұлға дүниеге келген Қаратал өңірінің табиғаты да әсем, оның төсінде қайыңы мен ырғайы, қарағайы мен шыршасы аспанға бойласа, белдеуі жасыл түкке бөленген жазиралы жұмақ өлке. Алғаш сауатын ауыл молдасы Шерияз, Садуақас молдаларынан ашады. 1905 жылы Құсайын Темірбекұлы ашқан қазақ мектебіне оқуға қабылданады. Құсайын Темірбекұлы “Доктор Құсайын” деген есіммен танымал фельдшер, ағартушы тұлға. 1905 жылы фельдшерлік қызметі аяқталып, зейнетке шыққан уақытында өзінің үйін мектеп ғимаратына айналдырып, балаларды оқыту ісімен айналысады. Осы мектептен Біләл Малдыбайұлы 1905-1908 жылдар аралығында білім алып, ең үздік шәкірттердің бірі ретінде Құсайын ұстаздың көзіне түседі. Сөйтіп Құсайын ұстаз 1908 жылы Біләлдің Омбыдағы фельдшерлік мектепке түсуіне көп көмегін тигізеді. 1908-1912 жылдар аралығында Біләл осы оқу орнын оқып шықты. Б. Малдыбаев өмірбаянында: «1901 жылы әкем мені ауыл молдасы Мұқағали Сәдуақасов деген молдаға оқуға берді. Кейін Имантау ауылында тұратын ұлты татар Шерияздан, Шәкір деген молдалардан дәріс алдым. 1905 жылы Құсайын Темірбековтың мектебін үздік тәмәмдадым. Құсайынның көмегімен Атбасарда, сонсоң Омбыда малдәрігерлік-акушерлік мектебінде оқыдым. 1912 жылы оны үздік стипендиямен бітіріп, қызмет жолымды Атбасар уезіндегі Маринское селосында бастадым да, кейін Көкшетау уезіндегі Кривозер (қазіргі Саумалкөл) селосында жалғастырдым» деп жазады. 1912 жылы өзінің фельдшерлік дипломын алып, туған жеріне қызметке келді. Біләлдің фельдшерлік қызметі 1912-1917 жылға дейін созылды.

Б. Малдыбаевтың мамандығы мал дәрігері болғанымен бар саналы ғұмырын халық ағарту саласына арнады. Айтмағандық Дауылбайұлының айтуы бойынша Біләл ағамыз азамат соғысы жылдарында Көкшетау уезінің жер басқармасында халық ағарту жөніндегі қазақ бөлімшесінің меңгерушісі болып бекіген. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстан өлкелік партия комитетінің мүшесі Ә. Досовтың шақыруымен жаңадан ұйымдастырылған халық ағарту бөлімінде инспектор болып тағайындалады. 1917 жылы Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, М. Тынышбайұлының ықпалымен Қызылжардағы қазақ комитеттерінің мүшесі, Талап ұйымының төрағасы қызметтерін атқарады. 1920 жылы саяси бөлімді басқарады. Бір жылдан кейін уездік қазақ-татар мектептері бойынша нұсқаушы болған. Ал 1924 жылдың басында Айыртау ауданының халық ағарту бөлімінің инспекторы, артынан меңгерушісі болып істейді. Біләл – Алаш қайраткері, қозғалыстың өкілі. Қызылжардағы “Талап” қазақ ұлттық комитетінің мүшесі, кейіннен төрағасы ретінде өңірдің қоғамдық-саяси, мәдени өміріне көп қызмет еткен. Ол Әлихан Бөкейханов, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кеменгерұлы, Сейітбаттал Мұстафаұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сынды қазақ зиялыларымен қоян-қолтық араласып тұрған.

Біләл Малдыбайұлы жетекшілік еткен «Талап» ұйымының ұстанған жолдарының бірі – ел арасындағы зиянды партияларды жою болатын. Бұл әрекеті «Үш жүз» партиясына қарсы бағытталған. Сол үшін де оны 1918 жылы Ж. Тілеуліұлы, М. Жұмабайұлымен бірге жалған айыптармен түрмеге жабады. Белгілі бір уақыт ішінде түрмеде отырғаннан соң Біләл босатылады. Кейіннен Көкшетау қаласында білім инспекторы қызметін атқара жүріп, осы өңірде бірнеше білім ошағының негізін қалайды. Алыс шалғайлы мекендерде, ауылдық жерлерде мектептер бой көтере бастады. Оқу орындарының саны артты. Кеңес үкіметі орнаған соң Қазақстан

өлкелік партия комитетінің жауаптысы Ә.Досовтың шақыруымен Халық ағарту бөліміне инспектор болып тағайындалады. Оның ұсынысымен Көкешетау жерінде қазақ-татар клубы ашылады. Білал – мұқтаж адамдарға жәрдем жию ісіне де атсалысқан тұлға. Ол өзінің қызмет жолында ұлт жанашыры ретінде халық санасында сақталып қалды. Білалдің мұқтаж жандарға жасаған жақсылығы “Сарыарқа” газетінде жарияланған.

Сонымен қатар Б. Малдыбаев 1927 жылы өзінің туған жері Қаратал ауылында екі қабатты ғимарат үй салып, аймақаралық мектеп ашты. Думанды тойға атақты Үкілі Ыбырайдың өзі келіп, жыр толғаған. Мектептің шаңырақ көтеруіне байланысты Тереңкөлді жағалай 9 киіз үй тігілген. Той аяғы 35 шақырымдық 75 ат қатысқан аламан бәйгеге, балуан күреске, көкпарға, теңге ілу мен тағы да басқа ұлттық ойындарға ұласты деген деректер де кездеседі. Мектепті салуға «Липат екі шаппайды» дейтін кірешін Лаврентий Плотников, Қараталдан Сейітбаттал Сүлейменов, Білалдың туған ағасы Нұғыман Малдыбаев бастаған ауыл адамдары және көрші Балапан ауылынан төрт орыс шебер жұмылдырылған. Ал қажетті құрылыс материалдарын Имантау станицасындағы көмпескеленген кулактың үлкен үйін бұзып, ағаштарын ауыл адамдары арбамен Қараталға тасып жеткізді. Ол өзі салдырған мектепте директор болып тұрған кезде оның жолын қуған Нұржан Әуелбеков (Е.Әуелбековтың әкесі), Едірес Жахин, Сейфи Сейітбеков, Молдасын Имантаев, Нұрмұхамбет Рахымов, Асқар Жұмабеков, Мерғасым Салықов сынды ұстаздар Білалмен бірге еңбек етіп, оның аялы алақанын сезген адамдар қызмет атқарды. Бұл мектептен қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков, ақын-жазушылар Мамантай Есентаев, Жұмабай Есекеев, Табылды Кенжетаевтар білім алған. Білал мектебінде 1952-1956 жылдары ұстаздық еткен, Алаш қайраткері Жұмағали Тілеулиннің немере қарындасы Ләйлә Сәпиқызы жергілікті «Айыртау таңы» газетіне: «Екі қабатты мектепті осы елдің тумасы Білал Малдыбаев салдырған. Мектеп сол кезде Айыртау өңіріндегі ірі білім ошақтарының бірі болды. Ғимарат өте әсем, кластары жылы, жарық, пионерлер бөлмесі, жиналыс өтетін, концерт қоятын үлкен залы болатын. Мектеп директоры Жанкөш Боранбаев, оқу ісінің меңгерушісі Жанғали Құлышев болды. Ол кісілер мұғалімдерге, оқушыларға дауыстарын көтермей, ақылдарын айтып, көмектесіп отыратын» деп жазған екен. 1929 жылы Қаратал өңіріне ұжымшар ұйымдастыру мақсатымен жіберілген сол кездегі Айыртау ауданының ОГПУ басшысы Жұмабек Шаяхметов 1927 жылы Білал Малдыбайұлы ашқан екі қабатты ауыл мектебіне сүйсіне қарап, тамсанып кеткен екен. Ол кезде мұндай мектеп аудан орталығы Володаровка селосында да болмапты. Білал мектебі деп аталған бұл оқу орны 1927 жылдан 1967 жылға дейін үздіксіз қызмет еткен болатын. 40 жылға жуық аралықта бой көтеріп, 1000нан аса оқушыны тәрбиелеген білім ошағы 1967 жылы құрылысы ескірген, сапасы сын көтермейді деген сылтаулармен бұзылып, жермен жексен етіледі. Дәл осы мектептен Еркін Әуелбеков, Жұмабай Есекеев, Табылды Кенжетаев секілді танымды тұлғалар оқып білім алған. Алғашында тек ауыл мектебі ретінде іргесі қаланғанымен уақыт өте келе аймақаралық мектеп дәрежесіне дейін көтерілді. Мектепте ауылдың балаларымен қатар, көрші және алыстағы Балуан, Социал, Өрнек ауылдарынан да шәкірттер келіп оқыған.

Қарт ұстаз А. Дауылбаевтың деректері бойынша Б. Малдыбаев 1929 жылы күзде Қазақстан Халық ағарту бөлімінің шақыруымен сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласына келіп, республикалық халық ағарту жүйесінде мектептер ісінің меңгерушісі болып тағайындалады. Сонымен қатар 1920-30 жылдары Ақмола губерниялық кеңестер съезінде, Қызылжар, Алматы қалаларында өткен өзге де алқалы жиындар мен басқосуларға қатысады. Облыстық, республикалық баспасөзде оқу-ағарту мәселелерін қозғайтын толғақты мақалалар жариялайды.

Білал – қазақ-совет оқу-ағарту саласының көрнекті өкілі болды. Қызылордадағы еңбек жолдарында ағартушы өз қабілетін шығармашылық жолға салады. Оның төл-тума еңбектерінің бірі «Қазақстандағы жоғары, орта дәрежелі мектептер» атты туындысында қаламгер 32 жоғарғы оқу орындары жайында мәлімет береді. Яғни бұл кітапта қазақ жеріндегі қандай жоғарғы оқу орындары бар, оқытылатын мамандықтар тізімі, соған қажетті құжаттар және де өзге де сұрақтарға жауап береді. Осы кітапты оқи отырып, егер кімде-кім сол тұстағы Қазақстанның жоғары оқу орындары тақырыбын зерттесе, нағыз құнды деректер екен деген ойға келдік. Елімізде Ташкент, Бурабай орман-тоғай, Қарақалпақ, Жетісу т.б. шаруашылық техникумдары, Орта дәрежелі әскерлік мектеп, Салт атты әскерге басшылар даярлайтын, Бөкей, Сырдария, Қарақалпақ педагогикалық (барлығы 14 педтехникум) оқу орындары болған. Адам дәрігерін даярлау, мал дәрігерлік, Семей сауда-шаруашылық, мұғалімдер білімін жетілдіру, партия мектебі – бүгінгі бас білім шаңырақтарымыздың ізі, бастауы сол кезде-ақ қаланған. Сонымен қатар 1929 жылы жарық көрген «Тілашарлық әліппе» атты, сол заманға сай латын әліпбиі жарыққа шыққан болатын. Б. Малдыбайұлы 1928 жылы Қызылордадағы тұңғыш жаңа әліппе бойынша ұйымдастырылған конференцияға қатысқан болатын. Міне осы тұста Білал ағамыз латын әліпбиін қолдайтынын білдіреді.

Білалдың шығармашылық өмірі тек бір бағытта ғана дамымады, сонымен қатар фольклорлық туындыларды да жинастырды. 1934 жылы бірқатар басылымдарда, газет-журналдарда Білалдың бірқатар туындылары жарыққа шықты. Сол жылы ИКП келісімі бойынша қазақ фольклорлық мақалаларын жинақтап өткізді. Оның Кенесары заманынан келе жатқан “Тіленші би” атты фольклорлық туындысы бүгінгі күні белгілі. Білалдың тағы бір зор еңбегі – көркем әдеби шығармаларды аударуы. Гомердің “Иллиада”, “Одиссея” шығармаларын ана тілімізде сөйлетті. Ал 1935 жылы Мәскеудегі көркем әдебиет баспасынан Сәбит Мұқановтың “Адасқандар” романы “Сын бая” деген атпен жарық көрген. Сол Сәбеңнің кітабын орыс тіліне аударған Білал мен Олег Фрелих болатын. “Сын бая” романы аудармасының қолжазбасы Мәскеудегі Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің қорында сақтаулы тұр. Бұл Білал шығармашылығының шоқтығы биік туындыларының бірі болды.

Білал Молдабайұлы сонымен қатар қазақ баспасөзіне қосқан үлесі зор болды. Ол «Алашорданың» үні болған, қазақ автономиясы үшін күрескен «Сарыарқа» газетімен тығыз байланыста болған. 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында (Петропавл) «Бірлік» ұйымының қолдауымен, «Алаш» серіктігінің қаржысымен «Жас Азамат» атты жастардың тұңғыш газеті жарық көрген. Газеттің №12 №16 баспаларын Білал Молдыбайұлы атқарды. Ал қалған сандарын алаш қайраткері Қошкен Күйменгерұлы редакторлық етеді. Сонымен қатар ағартушы «Жаңа заман» атты журналды жарыққа шығарды. Бұл журналдың бар болғаны алты саны басылымға қолжазба түрінде шыққаны туралы деректер сақталған, алайда журналдың өзі қазақ баспасөзінен ғайып болып отыр. Бүгінге дейін әлі де табылмаған. Бұл – Қызылжар қаласында жарияланып тұрған алашшыл қазақ жастарының тұңғыш газеті. Газеттің 22 саны шыққан екен. Ең соңғы №22 саны 1918 жылдың 8 ақпанында жарық көрген. Газетте С. Сәдуақасұлының, М. Әуезовтың, А. Жәнтәліұлының, Б. Серкебайұлының, Х. Ибраһимұлының, т.б. авторлардың жазған мақалалары жарияланып тұрды. «Алаш» серіктігінің қаржысымен шығып тұрған газет алаш қозғалысының тынысы ретінде елдік істі хаттауға, түсіндіруге, байыптауға көп жігер жұмсаған. Барлық нөмірінде Алаш қозғалысы туралы хабарлар беріліп отырған. Бәлілдің қазақ зиялыларының үні болған алашшыл газеттерге редакциялық етіуі оның ұлттық мүдде үшін аянбай қызмет еткенін дәлелдей түседі.

Білал Малдыбайұлының жазушы, әдебиетші сынды жеке қасиетінен бөлек медицинаға сіңірген еңбектері аз емес. Дәрігер, педагог, қайраткер Білал Малдыбайұлы доктор С.Е.Незлиннің «Құрт ауруы», (Мәскеу, 1927 жыл), доктор Гориеттің «Денсаулық негізі – тазалық» (Мәскеу, 1926 жыл), доктор Шанстың «Безгек» (Мәскеу, 1927 жыл), доктор Б.Проннердің «Жегі аурулар» (Мәскеу, 1927 жыл) кітаптарын аударып, оқырман назарына ұсынған. «Құрт ауруы» аудармасына Ә. Бөкейханов «Хат білетін қазақ баласы осы кітапты жаттап алса, құрт ауруынан аяғудың жолын оң-оңай табар еді» деп сын білдірген болатын. Бұл пікірдің Білал жазған кітаптың қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Білалдың бұл еңбектері заманында таптырмайтын, өте қажетті кітаптар болған. Орыс ғалымдарының кітаптарын ана тілімізге түсінікті әрі оқуға жеңіл, қарапайым түрде аударған. Оқырман қауымға ұғынықты мысалдармен берілген кітаптар қайта-қайта мыңдаған таралыммен басылған екен. Қазақ халқына қажетті тіл, әдебиет, тарих, медицина, жаратылыстану ғылымы салалары, көркем әдебиет пен аударма кітаптары сол кезде Мәскеудегі «Күншығыс» (Шығыс халықтарының Орталық баспасы) баспасынан басылып шыққан болатын. Бұл баспадан көптеген алаш қаламгерлерінің авторлық кітаптары мен аударма еңбектері жарық көрген. Атап айтар болсақ, басқарма төрағасы – Нәзір Төрешұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жұмағали Тілеулин, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Мамытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Әлі Кемелұлы, Бектасов Ыбыраш, Әбділда Ақбердіұлы, Қ.Мескейұлы, Әкім, Міржақып, Байтасұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Есбол Мырзағұлұлы, Аббас Нұрымұлы, Ибат Игенұлы, Ғаббас Тоғжанов, Даниял Ысқақұлы, Бейсембай Кенжебайұлы, Сұлтан Лепесұлы, Хамит, Дақу, Жебеш, Ахмет Баржақсыұлы, Қапаұлы, Ғ.Мырзағазыұлы, Ел Ахметұлы, Қапаш, Бейімбет Майлыұлы, Жүсіпбек Басқараулыларымен бірге Білал Малдыбайұлының да еңбектері үздіксіз шығып тұрды. Шындығына келгенде, Білал аударған бұл кітаптардың сол кездердегі қазақ халқы үшін маңызы айтарлықтай зор еді. Дәрі-дәрмегі жоқ, медицинасы дамымаған, сауатты дәрігерлер саны санаулы-ақ кезеңде, ел үшін жазылған мұндай пайдалы кітап таралымы ел арасында кең етек жайып, ол оқырман игілігіне айналды. Медицина саласында машықтанған Білал, орыс ғалымдарының ғылыми жазбаларын қарапайым, ұғынықты тілде аударған болатын.

Ұлт жаңашырларының істеген еңбегі қанша жерден халық қамын ақтап жатса да, сол бір қатыгез кезеңде әделетсіздіктің зардабын тартқандар да аз болмады. Бәрімізге мәлім жазықсыз қудалау, түрмеге қамау, мүлкін тәркілеу секілді азаматтардың құқығын аяқ асты еткен қоғам ұлы тұлғамыз Білал Молдабайұлын да айналып өтпеді. Бар қалауын ел мүддесіне арнағаны қылмысқа саналған Білал Малдыбайұлының тағдыры да жеңіл болмады. Ел алдын ұстап азғантай ғана халқының талап-тілектеріне ғана құлақ асқан Білалды жауыз үкімет аяғынан шалдырып ату жазасына кесу туралы үкімін де жылдам-ақ шығара қойған болатын. Большевиктер қоғамында тек өз сөзін сөйлеп, айтқанына көнетін, ісін қолдаушылар ғана қажет еді. Алайда Білал ондай емес еді. Елді аузына қаратқан қара жаяу емес еді. Халық ағарту саласын дамытты, мектеп салдырды, аударма саласына сүбелі үлес қосты, журналистика саласында өз ізін қалдырды. Ұлтының еңсесін көтеру жолында бар күш-жігерін жұмсады. Оған өз халқы алтыннан да қымбат еді. Сөйтіп жүргенде қазақ халқының өзге ұлтпен терезесі тең болуын қалаған Білал Малдыбайұлы 1937 жылы репрессияға ұшырап, жазықсыздан-жазықсыз атылып кетті. Шоқтығы биік тұлғаның тағдыры бір оққа байланды. Тырнағына да татымайтындардың қолынан қазаға ұшырады. «Аққа құдай жақ» дегендей, 1958 жылдың 27 желтоқсанында ақталады. Бірақ та есімі көп жерде аталмай, елеусіз қалып барады. Білалдай ұлы тұлғаны тек тарихшы, әдебиетші, өлкетанушылар ғана емес, күллі қазақ баласы білуі тиіс-ті. Себебі, ол – бүгінгі қазақ елі үшін «халық жауы» емес, халық мақтаншы, мерейі. Ағартушының артында Қалима деген жұбайы, Шәулетбек, Сұлтанбек, Сейілбек және Қорғанбек деген ұлдары қалған болатын. Білал репрессияға ұшырағанымен оның отбасы Шымкентке көшіп кетті. Қазір көзі тірі Сұлтанбек пен Қорғанбек қана Шымкент қаласында тұрады.

Алаш зиялылары – ұлт руханиятының шамшырағы, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқының жарқын болашағы үшін күрескен қайраткерлердің символы. Олар халықты білімге, мәдениетке, өркениетке жетелеп, өз дәуірінің озық идеяларын ұсынды. Тарих сахнасына шыққан сәттен бастап, Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық санасын оятып, оның мемлекеттілігін жаңғырту жолында еңбек етті. Ұрпақ сабақтастығы ретінде осындай ірі тұлғаларымыздың ерлігі мен еңбегін дәріптеу – біздің борышымыз. Алаш зиялыларының ұстанымдары мен армандары еліміздің қазіргі даму жолында әлі күнге дейін өзекті. Олар бізге ұлттық бірліктің,

рухани тәуелсіздіктің және білімге деген ұмтылыстың жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Алаштың аманатын арқалаған бүгінгі Қазақстан халқының парызы – осы ұлы мұраттарды жалғастыру, өз елін білімді, дамыған, өркениетті мемлекет ретінде әлемге таныту. Алаш идеясы – мәңгілік, ал оның қайраткерлерінің есімі ұлт жүрегінде мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер»;
2. Алаш кітапханасы: Нұрахмед Ерден- «Б.Молдыбайұлы»;
3. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 15 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
4. [https://adebiportal.kz/kz/blogs/view/bilal-maldybaev\\_163](https://adebiportal.kz/kz/blogs/view/bilal-maldybaev_163);
5. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/>
6. <https://soltustikkaz.kz/>
7. <https://qalamger.kz/>

## АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Жакупова Ж.

Ғылыми жетекшісі: Алиева Б.М.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[Zakupovazansaa357@gmail.com](mailto:Zakupovazansaa357@gmail.com)

Қарағанды қ.

### Аннотация

Бұл мақалада Алаш қозғалысының идеялары мен оның тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына ықпалы жан-жақты талданады. Алаш қайраткерлерінің саяси, мәдени және білім саласындағы еңбектері ұлттық бірегейлікті сақтауға, мемлекеттілікті нығайтуға және қазақ халқының болашағын жарқын етуге бағытталды. Мақалада Алаш қозғалысының басты мақсаттары мен оның негізгі принциптері қарастырылып, осы идеялардың қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік жолында қалай іске асқаны талқыланады. Алаш қозғалысы қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ұлттық мәдениетті дамыту, білім беру жүйесін жаңғырту және азаматтық құқықтарды қорғау бағытындағы жұмыстарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің идеялары Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі, саяси тұрақтылығы, экономикалық дербестігі мен әлеуметтік дамуының негізіне айналды. Мақалада Алаш қозғалысының мұрасы Қазақстанның тәуелсіздік тұғырында ұлттық бірегейлік пен мәдениетті сақтауға қосқан үлесі, сондай-ақ оның қазіргі Қазақстанның демократиялық даму жолында жалғасып жатқан маңызы сипатталады. Алаш қозғалысының идеяларының өміршеңдігі және олардың тәуелсіз мемлекеттің құрылымында көрініс табуы арқылы ұлттың рухани жаңғыруы мен саяси дербестігін сақтаудың маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Алаш, тәуелсіздік, ұлттық сана, Қазақстан, мемлекеттілік, мәдениет, білім.

### Кіріспе

Алаш идеясы – Қазақстан тарихындағы ерекше құбылыс, бұл қозғалыс қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік пен егемендік жолындағы тарихи ұмтылысының көрінісі болды. XX ғасырдың басында қалыптасқан бұл қозғалыс ұлт үшін саяси дербестікке, мәдениет пен тілдің сақталуына бағытталған идеяларды ұстанды. Алаш қайраткерлері ел болашағы үшін күресіп, ұлттық құндылықтарды қорғауға және білім беру саласында жаңалықтар енгізуге күш салды. Олардың мақсаттары ұлттық бірегейлікті, тарихи жадыны және қазақ тілі мен мәдениетін сақтап, оларды дамытуға бағытталды.

Алаш қозғалысының бастауында тұрған тұлғалар – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және басқа да зиялылар – өздерінің білімі мен саяси көзқарастарын қазақ халқының мүддесі үшін бағыттады. Олар қазақ қоғамына жаңа идеяларды енгізіп, білім мен ағартушылықты ұлттың өркендеуі мен мәдени дамуының негізгі жолы деп санады. Әлихан Бөкейханның жетекшілігімен Алаш партиясы құрылып, қазақ халқының құқықтары мен мүдделерін қорғайтын саяси күшке айналды. Алаш автономиясы мен оның бағдарламасы ұлттық дербестікті сақтау, мәдениетті қорғау және халықтың білімін көтеру сынды мәселелерді шешуге бағытталды [1].

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі дамуында Алаш қозғалысының идеялары мен мұралары ерекше рөл атқаруда. Бүгінгі таңда ұлттық мәдениетті, тілді және тарихи сананы сақтау, білім беру саласын дамыту, сондай-ақ демократиялық қағидаларды ұстану – осының барлығы Алаш қайраткерлерінің мұраттарының жалғасы болып табылады. Қазақстанның егемендігі жолындағы саяси және рухани құндылықтар Алаш идеологиясының сабақтастығы арқылы нығайып келеді. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи